Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш жаршысы

№14 (9901)
18 ақпан,
сенбі
2023 жыл

Газет 1934 жылғы 10 қаңтардан бастап шығады.

Әлем жаңалықтары

ҚКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының Тұрақты комитеті отырысында Қытай елі COVID-19-ды бақылау саласында шешуші жеңіске жеткені айтылды. Яғни Қытай басшылығы коронавируспен күресте үлкен және шешуші жеңіске жеткенін жариялады.

Қытай COVID-19-ды жеңгенін жариялады

Мәлімдемеде «Қытай қараша айынан бастап салыстырмалы түрде қысқа мерзімде пандемиядан қалыпты өмірге мінсіз көшті» делінген. Жиынды ҚХР төрағасы Си Цзиньпин жүргізді.

Жергілікті БАҚ-тың хабарлауынша, коронавирус пандемиясы кезінде елде 200 миллионнан астам ауру жұқтырған адамға медициналық көмек көрсетілген, 800 мыңға жуық ауыр науқас емделген. Бұл ретте Қытайдағы COVID-19 өлімінің деңгейі әлемдегі ең төмен көрсеткіш болды. Енді өлім туралы деректер жарияланбайды.

Ресми мәліметтерге сәйкес, желтоқсаннан ақпанның басына дейін ауруханаларда 83 150 өлім тіркелген. 2023 жылдың 8 қаңтарынан бастап Қытайға келетін адамдар үшін міндетті карантин алынып тасталды. Кейін Қытай Қазақстанмен шекарадағы карантиндік шектеуді де алып тастады. COVID-19 шектеулері алынғаннан кейін Қытайға кіретін адамдар саны 50 пайызға өскен.

Құтқарушыларға алғыс білдірді

«Трабзонспор» клубының жанкүйерлері жойқын жер сілкінісінен кейін Түркияға көмекке келген құтқару топтарына алғыс айтты. Перформанс Конференция лигасының плей-офф кезеңінде түрік клубы мен швейцариялық «Базель» арасындағы ойын алдында болды.

«Әсерлі сюжет: құтқарушы, бала және ит. Протео атты ит қиранды астынан адамдарды іздестіріп, ақыры өзі де құрбан болады» деп жазды БАҚ Трабзондағы стадионда көрсетілген көріністі түсіндіріп. Құтқарушының дулығасында үйінді астынан адамдарды іздестіру және құтқару үшін құтқарушылар жіберген елдердің туы бейнеленген. Алғыс тізімінде Қазақстанның туы да бар. Соңғы мәліметтерге сүйенсек, Түркия мен Сириядағы бірқатар жер сілкінісінен зардап шеккендер саны 40 мыңнан асқан.

Антарктидадағы теңіз мұзының ауданы спутниктік бақылаулар кезінде рекордтық төмен көрсеткішке жеткені анықталды. «Sea ice» порталының мәліметінше, ақпанның басында мұз Оңтүстік мұхиттың 2,20 млн шаршы шақырымын ғана қамтыған.

Антарктида еріп барады

Алдыңғы рекордтық төмен көрсеткіш бір жыл бұрын тіркелген, ол кезде 2,27 млн шаршы шақырым болған. Қазіргі Антарктиданың көптеген ауданы, соның ішінде Беллинсгаузена теңізінің мұзы толық еріп кеткен. Ғалымдар мұз ауданы әлі де азаюы мүмкін дейді. Себебі мұздық қыстың соңына дейін еруін жалғастырады.

Зерттеу жүргізген Альфред Вегенер институты мен Бремен университетінің ғалымдары соңғы алты жылда антарктикалық мұз қабаты тез ыдырай бастағанын айтады. Антарктиданың тез еруі 2022 жылдың желтоқсанында басталған. Бұл құбылыс пингвиндерге үлкен қауіп төндіреді. Ғалымдар 2100 жылға қарай антарктикалық пингвиндердің үштен екісі жойылып кетуі немесе айтарлықтай азаюы мүмкін деп болжап отыр.

«ЖЖ» ақпарат

Үкімет

Ел экономикасы 5,6 пайызға өскен

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында 2023 жылы қаңтардағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және республикалық бюджеттің атқарылуы қаралды. Ұлттық экономика бірінші вице-министрі Тимур Жақсылықовтың хабарлауынша, есептік кезеңде Қазақстан экономикасының өсу қарқыны 5,6 пайызды құраған. Нақты сектордағы өсім – 2,3 пайыз, ал бұл көрсеткіш қызмет көрсету саласында – 7,6 пайыз. Барлық негізгі салалар бойынша оң динамика байқалады, бұл ретте сауда, ақпарат және байланыс, сондай-ақ құрылыс ең жоғары өсуді көрсеткен.



Вице-министрдің айтуынша, негізгі капиталға салынған инвестициялардың өсу қарқыны 18,3 пайызды құрайды. Инвестициялар ағыны өнеркәсіпте 9,2, ауыл шаруашылығында 33,7, жылжымайтын мүлікпен операцияларда 33,7, көлікте және қоймалауда 31,8 пайызға өскен.

Алдын ала қорытынды бойынша былтыр сыртқы сауда тауар айналымы 32,1 пайызға өсіп, $134,4 млрд-ны құраған. Экспорт бойынша көрсеткіш 39,9 пайызға өсіп, $84,4 млрд-ға жеткен. Тауарлар импорты $50 млрд-ға тең. Жалпы, оң сауда балансы $34,4 млрд-ны құрайды.

Премьер-Министрдің орынбасары, қаржы министрі Ерұлан Жамаубаевтың хабарлауынша, есептік кезеңде мемлекеттік бюджетке 1,5 трлн теңге шамасында кірістер түссе, оның ішінде республикалық бюджетке 1,1 трлн теңге, жергілікті бюджеттерге 394 млрд теңге кірістер түскен. Мемлекеттік бюджеттің шығыстары 93,5, республикалық бюджеттің шығыстары 94,7, жергілікті бюджеттердің шығыстары 96,3 пайызға атқарылған.

Әлихан Смайылов нақты сектор тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз еткенін атап өтті. Өңдеуші өнеркәсіп, құрылыс және ауыл шаруашылығы салаларының даму қарқыны жақсы. Өнеркәсіп секторы өндірістің 1,5 пайызға, оның ішінде өңдеу саласының 1,6 пайызға өскенін көрсетіп отыр. Фармацевтика, жеңіл өнеркәсіп, тоқыма бұйымдары өндірісі, мұнай өңдеу, химия өнеркәсібі, сусындар өндірісі, тамақ өнімдерінің өндірісі, машина жасау салаларында өсім байқалады.

Үкімет басшысының айтуынша, тұрақты инвестициялық белсенділік, оның ішінде шикізаттық емес секторларға инвестициялар тарту жедел экономикалық өсудің негізгі факторы болып табылады. Қаңтар айының қорытындысы бойынша барлық негізгі макрокөрсеткіштердің өсуі Қостанай облысы мен Алматы қаласында тіркеліп отыр. Ең төмен көрсеткіштер Абай және Қарағанды облыстарында.

– Биыл жылдың басы ел экономикасының серпінді дамуға бағыт алғанын көрсетіп отыр. Экономиканың осы өсу қарқынын сақтап қалуымыз керек. Бұл бүгінгі геосаяси жағдайда оңай шаруа емес. Үйлесімді жұмыс пен тиімді үйлестіруді экономиканың барлық салаларында қамтамасыз ету керек, – деді Әлихан Смайылов.

Оның айтуынша, ішкі нарықты отандық тауарлармен толықтыруға және шикізаттық емес өнім көлемін ұлғайтуға басымдық берілуі тиіс. Сондай-ақ шағын және орта бизнестің әлеуетін кеңейтіп, дамуға жағдай жасауымыз керек. Тартымды инвестициялық климат құрып, инвесторлармен белсенді диалог жүргізу қажет.

Үкімет басшысының пікірінше, инвестициялардың құрылымын қосылған құны жоғары тауарларды өндіру жағына қарай ұлғайту керек, соның ішінде жоғары технологиялық өндірістерде де. Сонымен қатар «Инвестиция орнына тариф» саясатын сапалы енгізуді қамтамасыз ету маңызды.

Ол әр министр, өңір әкімдері және ұлттық холдингтер мен компаниялардың басшыларына азаматтардың табысын арттырып, сапалы жұмыс орындарын құру үшін жүйелі шаралар қабылдауды тапсырды. Себебі қоғамды толғандырып отырған әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша тиімді шешімдер табу қажет.

Үкімет басшысы өңір әкімдері әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыруға ерекше назар аударуы тиіс екенін атап өтті. Алда тұрған басты міндет – жыл қорытындысы бойынша инфляцияны 2 есеге, яғни 9,5 пайызға дейін төмендету. Оның айтуынша, бұл үшін барлық күш-жігерді Инфляция деңгейін бақылау және төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындауға жұмылдыру керек. Себебі экономиканың өсу қарқынын сақтап қалу бәрінен маңызды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Сапар

Мәлік Отарбаев,
ҚР Президентінің кеңесшісі:

Таң – үлгілі ауылдардың бірегейі

ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев Қызылорда облысына сапары аясында ауданға да ат басын бұрды. Соңғы жылдары дамудың даңғыл жолына түскен Таң ауылдық округінде болған ол елді мекеннің тыныс-тіршілігімен танысып, ауылдың екінші тынысын ашуда қажырлы еңбек еткен азаматтарға алғыс білдірді.

Президент кеңесшісіне алдымен аудан әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов ауылдық округтің әлеуметтік-экономикалық ахуалын баяндады.

60 жылға жуық тарихы бар елді мекен расында соңғы жылдары ерекше қарқынмен дамуда. Мұнда 236 отбасы қоныстанған. Әлеуметтің әлеуетін көтеруде тың жобалар қолға алынған Таңда жұмыссыздық мәселесі жоқтың қасы.

Соңғы 2-3 жылда мұнда мемлекеттік бағдарламалар аясында бірқатар жоба жүзеге асқан, бүгінде жергілікті халық оның игілігін көріп отыр. Қазір Таңда жол сапасына қатысты мәселе жоқ десе де болады. Себебі «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында елді мекенде бірқатар ішкі көшенің сапасына мән берілген. Аталған жоба шеңберінде жалпы құны 568,6 млн теңгеге 10-нан астам ішкі көше орташа жөндеуден өткен. Олардың қатарында Орынбай жырау, Манақ баба, Қарасу, Мүсірәлі баба, А.Мықтыбаев, Сегізбай би, Ш.Уәлиханов, С.Сейфуллин, А.Құнанбаев, Қоқыбай, Қ.Құлманов сынды бірқатар ішкі көшелер бар.

Ауылдағы үшқабатты білім ошағы да «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында күрделі жөндеуден өткен. Жобаның жалпы құны 333,2 млн теңгені құрайды. Тиісті қаражатқа нысанның есік-терезелері, едені ауыстырылып, ішкі қабырғалары қайта сыланған. Ал сыртқы қабырғалар металл сайдингтерімен қапталып, су, кәріз жүйелері жүргізілген, электр жүйелері жаңартылып, қауіпсіздік үшін дабыл қондырғылары жаңартылған.

Таңда былтыр дәл осы жоба аясында ауылдық емхана құрылысы қарқын алып, медициналық нысан ел игілігіне берілді. Жобаның жалпы құны 140,1 млн теңгені құрайды. Бүгінде мұнда 1 дәрігер, 10 орта, 2 кіші қызметкер жергілікті халықтың денсаулығына қызмет етуде.

Ауылда атқарылған ауқымды жұмыстармен танысқан Мәлік Нұржанұлы мұнан кейін жергілікті халықпен кездесіп, Таңдағы толайым тірлікке жоғары баға берді. Сондай-ақ ол ауылды абаттандыруда жарқын жобаларды жүзеге асырған «Таң ЛТД» ЖШС төрағасы Имамзада Шағыртаевқа, ауыл халқына алғыс білдірді.

– Қызылорда облысына алғаш келіп отырмын. Кеше қаладағы орталықта өздеріңіз секілді халықпен кездестік. Таң ауылы жайлы да естіп жатырмыз. Таң – еліміздегі дамыған үлгілі ауылдардың бірегейі. Ауыл халқының жағдайын білу мақсатында келіп отырмыз. Кез келген өңірде мәселе болатынын білеміз. Бірақ бұл ауылда мәселе жоқ сияқты. Ауылды абаттандыру, елді мекеннің еңсесін тіктеуде атқарып жатқан жұмыстарыңызға табыс тілеймін. Кешегі ҚР Президенті сайлауында Қызылорда облысындағы сайлаушылардың 100 пайызға жуығы өз таңдауын жасапты. Сол ел болашағы жолында саяси науқанда белсенді болғандар қатарында жалағаштықтар да бар. Референдум кезінде де бізге жаңалық керек, өзгеріс керек дедік. Мұнда да бұл аймақтың халқы белсенділік танытты. Бұл ел болашағы қызылордалықтарды бейжай қалдыртпайтынын аңғартады. Сіздердің қолдауларыңызбен Конституцияға өзгерістер енгізілді. Сіздердің атқарып жатқан жұмыстарыңыз, ауызбіршіліктеріңіз елдің дамуына қосқан сүбелі үлес деп білемін, табысты болыңыздар, ауырмаңыздар. Тек осылай ауызбіршілікті ту етіңіздер, баршаңызға Президенттің атынан алғыс білдіремін, – деді ҚР Президентінің кеңесшісі.

Кездесуде Мәлік Отарбаев туған жерді түлеткен шаруашылық төрағасы Имамзада Шағыртаевқа да Президенттің атынан арнайы алғыс білдірді. Оған негіз де жоқ емес. Осыған дейін атпал азаматтың ауылды гүлдендіруде жарқын жобаларды қолға алғанын жақсы білеміз. Ал осыған дейін ауылда «Таң ЛТД» ЖШС-мен қандай жобалар жүзеге асты? Тарқатайық...

Тапқанын астына басып жемей, айналасына шашып жейтін Имамзада ағамыздың туған жерді түлетуде қарап қалған кезін байқамадық. Алдымен ауылдағы имандылық үйін күрделі жөндеуден өткізді. Бұл мақсатқа атпал азамат 5 млн теңге қаражат жұмсаған. Мұнан кейін ауылда мемлекеттік жекешелік әріптестік аясында 100 орындық балабақша ғимаратын қайта жаңғыртты. 300 млн теңгеге күрделі жөндеуден өткен нысан бүгінде ауыл халқының қажетіне жарап тұр.

Таңдағы спорт кешенін де Имамзада Шағыртаев салған. Жобаның жалпы құны 56 млн теңгені құрайды. Сондай-ақ 40 млн теңгеге мәдениет үйі жанынан Ұлы Отан соғысында қаза тапқандарға арналған ескерткіш орнатты. Мұнан бөлек ауылда бірнеше жобаны жүзеге асырып, екі қолға бір күрек таппай жүрген жергілікті жастарды да жұмыспен қамтыған. Бір сөзбен айтқанда, туған жер деп тер төккен іскер азамат осы күнге дейін ауылдың абаттануына 701 млн теңге қаражат жұмсаған.

Кездесу соңында ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жалғасбай Өмірбаев тұрғындар атынан алғыс білдіріп, батасын берді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Мемлекеттік қызмет – абыройлы міндет

Мемлекеттік қызметшінің құқығын қорғайтын да, мәселесін қарайтын да – әдеп жөніндегі уәкіл. Яғни ол – мемлекеттік қызметшілердің сенімді адамы. Біздің мемлекеттік қызмет саласында бірқатар өзгерістер болып жатыр. Бүгінгі жиынның негізгі мақсаты – осы және алдағы уақытта болатын өзгерістерден хабардар ету. Аудан әкімдігінде өткен жиында ҚР Мемлекеттік қызмет істер агенттігінің облыс бойынша департамент басшысының орынбасары Мейрамкүл Бейбітова осылай деді.

Аудандағы мемлекеттік қызметшілердің басын қосқан жиында Мейрамкүл Малайқызы жалпы департамент тарапынан атқарылған жұмыстарды кеңінен тарқатты. Сондай-ақ ол өз жұмысына жауапсыз қараған кейбір мемлекеттік қызметкерлер тарапынан орын алған олқылықтарға тоқталып, қатысушыларды одан сабақ алуға шақырды.

Мейрамкүл Малайқызының сөзіне сүйенсек, департамент негізінен 3 бағытта жұмыс жасайды. Яғни мемлекеттік қызметті өтейді, мемлекеттік қызмет саласындағы заңдылықты бақылайды, сондай-ақ қызмет сапасы да олардың назарында.

Аймақта 3088 мемлекеттік қызметкер бар, оның ішінде нәзікжандылардың үлесі – 45,9 пайыз. Мейрамкүл Малайқызы жалпы облыстағы мемлекеттік қызмет жүйесінде тұрақтылық қалыптасқанын айтады. Яғни кадрлардың мемлекеттік қызметтен кетуі төмен.

Иә, мемлекеттік қызметкерлер бұрынғыдай жұмысын тастап кете бермейді, департамент басшысының орынбасары мұны олардың жалақысының көтерілуімен байланыстырады. Сондай-ақ ол жастар арасында да мемлекеттік қызметке қызығушылық барын жасырмады. Мұны да ол еңбекақының өсуімен байланыстырды.

Былтыр әдеп жөніндегі кеңестің 16 отырысы өткен. Онда 86 мәселе қаралып, 214 ұсыныс берілген. Кеңесте қаралған 86 мәселенің 45-і – тәртіптік істер. Қалғаны профилактикалық бағытта. 45 тәртіптік іс шеңберінде 32 мемлекеттік қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылған. Мейрамкүл Малайқызы оның ішінде қызметінен босатылғандар барын жасырмады. Сондай-ақ 13 тәртіптік іс қысқартылған. Яғни 13 мемлекеттік қызметшінің құқығы департамент тарапынан қорғалған.

– Жалпы, әдеп жөніндегі кеңесте біз бірыңғай жұмыстан шығару немесе тәртіп жаза қолдану шараларын көрмейміз. Мүмкіндігінше объективті қарауға тырысамыз. Себебі мемлекеттік қызметшінің әрекетінде құқық бұзушылық байқалмаса, біз бұл істерді қысқартуға, тоқтатуға міндеттіміз. Олқылыққа жол бергенімен қоймай, кейбір мемлекеттік қызметкерлер «Біздің құқығымызды кім қорғайды?» деп жатады. Ол оған дейін алдын алып, заң бұзушылықтарға жол бермеуі керек. Себебі мемлекеттік қызметтен бұлай кеткен адам қайтып бұл жұмысқа келе алмайды. Өйткені Мемлекеттік қызмет туралы заңның 16 бабында осындай шектеу бар, – деді департамент басшысының орынбасары.

Мемлекеттік қызметкерлер тарапынан қандай құқық бұзушылықтар көп жасалады? М.Малайқызының бұған қатысты да жасаған талдауы бар екен. Мәселен, былтыр өткен әдеп жөніндегі кеңесте қаралған істердің 50 пайызы Мемлекеттік сатып алу заңының сақталмауына негізделген. Бізде бұл заңды толық білетіндер де аз көрінеді. Департамент басшысының орынбасары мемлекеттік сатып алу конкурсымен жеңімпаз болып табылған мердігер тарапынан жұмыс бітпей қаржысын аудару жайттары жиі кездесетінін айтады. Мұнан кейінгі орында Жер кодексі талаптарының сақталмауына негізделген істер тұр. Яғни былтыр қаралған тәртіптік істердің 17,6 пайызы осы мәселеге бағытталған. Бұл негізінен жер комитетінің жұмысына қатысты екен.

Баяндамашы ауыл әкімдері мен есепшілер тарапынан өздеріне жоғары айлық тағайындау жайттары жиілегенін айтады. Бұл негізінен мемлекет қаражатын талан-таражға салу болып табылады.

– Бюджет қолымда екен деп мемлекет қаражатын талан-таражға салуға болмайды. Біз кәсіпкер емеспіз. Мемлекет қаражаты қараусыз десеңіз қателесесіз. Қаржылық құқық бұзушылықтарға мүлде жол бермеген абзал. Сондықтан қаржымен жұмыс жасайтын мамандарыңызды оқуға жолдаған дұрыс деп ойлаймын. Бұл бағытта қателікпен күрескеннен оның алдын алған дұрыс, – дейді ол.

Соңғы уақытта мемлекеттік қызметкерлер тарапынан аудандық жер комиссиясының құрамында болып, шаруа қожалықтардың өтінішін, арыз-шағымын қанағаттандырмау жағдайлары да жиі орын алған. Мәселен, бір комиссия отырысында 45 мемлекеттік қызметкер болса, олар 2 комиссия отырысында осындай олқылыққа орын берсе, қызметінен кетуге мәжбүр болады. Себебі бір жылда 2 рет мемлекеттік қызметке кір келтірген адам міндетті түрде лауазымынан босатылады. Сондықтан жұмысшы орган, яғни жер қатынастары дайындады деп барлық жауапкершілік бір бөлімге артылып қоймайды.

Бұған дейін Ақтөбе облысында қызмет атқарған Мейрамкүл Малайқызы мәселеге қатысты мысалды әріден бастады. Яғни былтыр Ақтөбе облысында 12 мемлекеттік қызметші осы жер комиссиясының жұмысына қатысты қызметтен босаған.

– 12-сі де сотта қаралды. Барлығы жұмысынан босады. Яғни 12 отбасы асыраушысыз қалды деген сөз. Енді олар мемлекеттік қызметке қайтып келе алмайды. Бұдан үлкен сабақ алған жөн, – дейді М.Малайқызы.

2021 жылы әдеп нормаларын сақтамауға қатысты кеңесте 7 тәртіптік іс қаралса, былтыр бұған қатысты қаралған істер 36 пайызға артқан. Әдеп нормаларының бұзылуына жол беретін мемлекеттік органдардың қатарында Арал, Қазалы аудандары әкімдіктерінің аппараттары, Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті бар. Баяндамашы бұл бағытта түсіндірме жұмыстарын күшейту керек деп есептейді.

Соңғы уақытта мемлекеттік қызметшілердің іс-әрекетіне қатысты арыз-шағымдар үдеген. Бұл тіпті жыл сайын белең алып бара жатқан көрінеді. Бұған қатысты М.Малайқызы қатысушыларға арнайы кеңес берді.

Басқосуда мұнан бөлек облыс әкімі аппараты бойынша әдеп жөніндегі уәкіл М.Шәкірбаев та бірқатар мәселелерге тоқталып, қатысушылардың сауалына жауап берді. Жиын соңында департамент басшысының орынбасары жеке қабылдау өткізіп, аудандағы бірқатар мемлекеттік қызметшілердің сауалына жауап берді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Жемқорлық жарға жығады

Бүгінде біреудің ала жібін аттап, адамдықты жиып қоятындармен тіпті әлем елдері күресуде. Көзсіз көрсеқызарлықтың құрығынан шыға алмай, алдымен бар абыройдан, сосын жеке тұлғалық құқығынан айырылып жатқандар қаншама. Олардың соңғы сәттегі «Әттеген-айы» өзгелерге сабақ болуы керек еді. Осындай өз өміріне балта шапқан жандардың тағдырын естіп-біліп тұрып, сол адам жүріп өткен жолмен жүру ақымақтық емей немене? Алланың емес, дүниенің құлы болуды көздейтіндер қазақ қоғамынан да кездесіп жүр. Бұл күрес біздің елде де күн тәртібіндегі бірінші мәселе болып тұр.

Тіпті біздің елде де өзекті мәселелер, мемлекеттік саясаттың басым бөлігі осы жемқорлықты жоюға бағытталды. Оған дәлел ел ішінде күрделі мәселе болса, оның бірі – сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу, болдырмау шаралары. Негізі Қазақстан тәуелсіздік алып, өз алдына егемен ел болғалы сыбайлас жемқорлықпен күресуді негізгі міндеттерінің біріне айналдырды. Өйткені мемлекет даму үшін қоғамда сыбайлас жемқорлық көріністері орын алмауы тиіс. Сыбайластықты жоюдың, алдын алудың аясында атқарылған жұмыстар да шек жоқ. Дертті дендетпеудің барлық амалы жасалуда. Әлі толастаған жоқ. Халық арасындағы өткізілген түсіндірме жұмыстарының, кездесулердің есебіне жете алмаспыз. Тіпті өзгенің иелігіне қол сұққандар мен осындай іске қатысы барлардың, пара бергеннің, пара алғанның да адам жауына да тілемейтін өкінішке толы өмірінен үзінді келтіріп, видеороликтер дайындалды. Осы видеороликтер індетпен күресу мәселесін сөз еткен кез келген жиында көрсетіліп келеді. Мақсат – өзгенің өзегін өртеген өкініш тағы біреудің басына келмесін, қоғамдағы дамуға бастайтын жарқын істерге тосқауыл болмасын деген.

Қазіргі таңда сыбайластық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді. Тіпті дерт жылдар өткен сайын дендеп барады десек те болады. Негізгісі сыбайластық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын тежейді. Сондай-ақ демократиялық мемлекеттердің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізіп, елдің болашағына елеулі қауіп төндіреді. Әсіресе келешекте елдің дамуына күш салып, қоғам үшін жұмыс жасайтын, елдің тұтқасын ұстар бүгінгі буынның қалыптасуына, адамгершілік қасиеттерінің басым болуына кедергі келтіреді. Ұрпақ санасының уланып, түйсік төрінде кез келген жетістікке сатылап жету, еңбекпен қол жеткізу мүмкін емес деген кереғар пікір қалыптастырады. Ал мұндай пікірмен уланып өскен өскелең ұрпақ барлық жетістік шыңын, ең сорақысы кез келген құндылықты сатып алуға болады деген таныммен өседі. Бұл – ел үшін ең қауіпті құбылыс. Мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бәрі сыбайлас жемқорлыққа қарсы болуының себебі де осында. Көз қысты, бармақ бастылықты түбегейлі жоймасақ та, азайтуға жұмыс жасау – қазіргі қоғамның міндеті. Бұл мәселеде қоғам болып атсалысу, түйткілді тұсын шешуде бірлікпен тірлік ету үлкен нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік бермек.

Бұл дертпен күресте қазақстандықтардың бірдей атсалысуы маңызды. Өйткені қоғамдағы екіұдайлы пікір қай кезде де мемлекеттің алға басуына кедергі келтіріп, дамудың баспалдағына іліге алмаймыз. Азаматтардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптасуы үшін сыбайлас жемқорлықты елдің дамуын тежейтін қауіпті қоғамдық дерт деп тануы тиіс. Оған қарсы мәдениет әр адамда құқықтық сауаттылығына да байланысты қалыптасады. Мәселен, мемлекеттік заңнамаларды жақсы білуі әр қоғам мүшесінің өз іс-әрекетіне деген сенімділігін арттырып, «бармақ басты, көз қыстылықсыз-ақ» тұлғалық дамуына, өсуіне мүмкіндік береді. Осы жолда қандайда бір қитұрқылыққа бармай-ақ жетістікке жетуге болатынына, қоғамға пайдалы азамат ретінде өзін сезінуіне көз жеткізеді. Ең бастысы, жұртшылық сыбайластықтың көрінісін байқаса, құзырлы орындарға немесе жергілікті басшылыққа хабар беру керектігін білуі тиіс. Әсіресе бұл індеттен мемлекеттік қызметкерлер аулақ болуы тиіс. Мемлекетіміз өркендеп, экономикамыз қарыштап дамысын десек, әрбір отандас қоғам дертімен күресуді өзінің азаматтық парызына айналдыруы керек.

Түптеп келгенде жемқорлықты жою керек, оның алдын алуда жүйелі жұмыстар атқарылуы тиіс дегенімізбен, сыбайластықты ауыздықтауға келгенде қауқарсызбыз. Өйткені осы бағытта жасалған, әлі де жалғасын тапқан шаралар легі қоғамдағы әр адамның санасына «біреудің ала жібін аттамау керек екенін» толық сіңіріп үлгерген жоқ. Ал адам саналы түрде түсінбеген, ой таразысында жеті өлшеп, бір кеспеген шалажансар көзқараста жүрсе, алда талай қателікке бой алдырып, тіпті болашағын өз қолымен құртуы әбден мүмкін. Ол үшін сананы қайта қалыптастыру, адалдықтың, адами қасиеттердің ауылынан алыстамау керектігін түсіну, түсіндіру керек. Мәселе мұнымен оң нәтижесін бермесе, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңды күшейтіп, індеттің шырмауына түсіп, қоғамға селкеу түсіргендердің жазасын қатайтуға көшуге болады. Жазалыларды қатаң жазалау арқылы біз өзгелерге салғырттық сан соқтыратынын, арамдықтың арты адасу екенін түсіндіре аламыз. Тәртіпке бас иген құл болмайтынын түсінген жеке тұлға мұндай балшыққа батыратын істерден бойын аулақ салатыны анық.

Жалпы, бұл мәселемен күрес күні бүгін қолға алынған жоқ. Дегенмен әлі толық тосқауыл қойылды деуге де келмейді. Өйткені сыбайластыққа барғандар әлі де бой көрсетуде. Қоғамның дамуын тежеп, ел болашағына балта шабатын бұл кеселмен күресте нендей шаруалар атқарылуда? Нәтижесі қай деңгейде? Осы секілді сұрақтар ел болашағына алаңдайтын әрбір азаматты толғандырады. Алайда осы сұрақтардың бәрі бүгінге дейін жауабын тапса да, нәтижеге қол жеткізе алмай келеміз. Бұл жұмыс жоқ деген сөз емес, қоғамдағы әрбір азамат жемқорлықтың жарға жығатынын толық түсіне қойған жоқ деген сөз. Адамның санасы жетістікке жетудің оңай жолын көргенде кейде адалдықтан аттауды жөн көріп жатады. Бірақ бұл әрекет кішкентай ғана қателіктен басталып, кейін үлкен қателікке алып келеді. «Ұрлық түбі – қорлық» деп бекер айтпаған, әр әрекеттің берер нәтижесі де оның түпкі бастауына байланысты болады. Ниет амалға, амал әрекетке, әрекет әдетке, әдет мінезге, мінез өмірдегі қадамдарға әкелетінін білсек, онда оңай жолмен олжалы болу ең әуелі ниеттен басталатынын білмеу мүмкін емес.

Қашаннан қара қылды қақ жарып, бірауыз сөзге тоқтаған текті халықтың бүгінде темірдей тәртіптен аттап өтіп, тіпті заңға да мойынұсынбауы алаңдатарлық жағдай. Қазақ қазақ болғалы ақпейіл, дархан көңілімен өзгеден ерек еді. Осыны бүгінгі буын терең түсінуге, бабалар салып кеткен сара жолдан ауытқымауға міндетті. Елдің өркендеуі бәріміз үшін де жақсы. Қазақстан дамыса, алпауыт елдермен иық тіресе, қоғамда халықты титықтататын олқы ой, кереғар пікір қалыптаспаса, Мәңгілік ел мұратына жеткеніміз деп білемін.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

Халық пен биліктің арасын жақындату жолында атқарған жұмысымыздың жемісін көреміз десек, алдымен мемлекеттік қызметшілердің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдірудің маңызы жоғары. Осы тұрғыда мемлекеттік қызметшілердің моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптардың жоғары болатыны анық.

Әдеп кодексін сақтау – мемлекеттік қызметшінің міндеті

Иә, кез келген елде мемлекеттік қызмет ерекше маңызға ие. Сондықтан мемлекеттік қызметшілер өз жұмысында мемлекеттік саясатты ұстануға және оны іс жүзінде жүзеге асыруға, қоғамның мемлекеттік қызметке, мемлекет пен оның институттарына деген сенімін сақтауға және нығайтуға ден қойғаны абзал.

«Қоғамда мемлекеттік қызметшілер өз міндеттері мен функцияларын заңға сәйкес тиімді түрде орындайды» деген түсінік қалыптасу үшін қайтпек керек? Бұл сауалдың түйінін тарқатуға ден қойған кез келген адам алдымен мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексінде қамтылған талаптарға лайық болуы тиіс. Себебі бұл кодекс мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттарын белгілейді, қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін, парасаттылық атмосферасын қалыптастыруға, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға негізделген. Ал бұл қызметтік әдеп стандарттары барлық мемлекеттік қызметшілер үшін міндетті.

Мемлекеттік қызметкер алдымен қоғам игілігі үшін мемлекетке кәсіби һәм жауапты қызмет етуді мақсат етуі тиіс. Сонда ғана өз міндеттеріне шынайы көзқарас қалыптасады. Қоғамда жеке және заңды тұлғалардың, қоғамдық топтар мен ұйымдардың ықпалына қарамастан заңды шешім қабылдау және кез келген мән-жайлар бойынша біржақтылық пен субъективтілік себебінен адамдарды кемсітуге жол берілмейді.

Мемлекеттік қызметкерге біріншіден ашықтық қажет. Осы арқылы ол өзінің халықпен жұмыс істеуге дайын екенін көрсетеді. Мемлекеттік қызметті жүзеге асыратын адам бір жағынан азаматтар мен әріптестеріне дұрыс және құрметпен қарауы тиіс.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттары қандай? Бағана бұл тұрғыда оларға қойылатын талаптың едәуір жоғарылағанын атап өттік. Енді солардың бірқатарына тоқталсақ...

Біріншіден, мемлекеттік қызметкерге қарапайым болудың маңызы жоғары. Сондай-ақ ол жұмыс барысында, қоғамда жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептік нормаларды сақтау, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауы тиіс. Ал мұндай олқылыққа мемлекеттік қызметші тарапынан жол берілсе, әлбетте халықтың билікке деген сенімі жойылады.

Мемлекеттік қызметші бір жағынан мемлекет мүдделеріне және азаматтардың құқықтарына нұқсан келтіретін әрекеттерге қарсы тұруы тиіс. Оның заңда белгіленген шектеулерді сақтау, мүдделер қақтығысын болдырмау бағытында қабылдаған шешімі де маңызды.

Ол халықпен тығыз жұмыс жасайтын болғандықтан азаматтармен қарым-қатынаста әдептілік танытуы керек, дөрекілік, адамдардың қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейәдеп мінез-құлық фактілеріне жол беру, өздерінің әрекеттерімен және мінез-құлқымен олардың тарапынан сынға себепкер болу сынды жағымсыз әрекеттерден ада болуы тиіс.

Жалпы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында да кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру негізгі міндет ретінде қарастырылған. Ал оның 12 қадамында жаңа этикалық ережелерді енгізу жайының қамтылуы тегін емес. Мақсатына үңілсек, түптеп келгенде мемлекеттік қызметтің жаңа этикалық кодексін әзірлеуге бағытталғанын аңғара қоямыз.

7 жыл бұрын елімізде Әдеп кодексі қабылданып, Әдеп жөніндегі уәкіл лауазымы да пайда болды. Содан бері Әдеп жөніндегі уәкіл де жұмысын бастап кетті. Ал «Оның функциясына не кіреді?» деген сауалға тоқталсақ, тарқатар дүние көп. Мәселен, ол біріншіден қызметтік әдеп нормаларының сақталуын қадағалайды. Сондай-ақ мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінде көрсетілген нормаларды сақтай отырып, халықпен тіл табысып жұмыс жасауына да баға бере алады. Ол – бір жағынан өз функциясы шеңберінде мемлекеттік қызметкерлер мен азаматтарға консультация беретін мемлекеттік қызметші.

Жалпы қазақ әдепті болуды отбасында баласының бойына тәрбие арқылы сіңірді. Себебі отбасында айтылған әдептің ертең ел болашағында маңызды рөл атқаратынын түйсігімен түсінді. Әдеп арқылы мемлекеттік қызметкердің мінез-құлқында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптасады. Мемлекеттік қызметшінің білімі мен білігін жетілдіруге даңғыл жол ашылады. Ұжымдық моралдық әдептілік нормаларына сай өзара қатынастар мәдениет те әдеп арқылы қалыптасары сөзсіз. Бір сөзбен айтқанда, кез келген мемлекеттік қызметші Әдеп кодексінде қамтылған нормаларды сақтай отырып, жұмыс жасағаны абзал. Сонда ғана халық пен билік арасы жақындап, Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы айтқан «Ашық мемлект» тұжырымдамасын жүзеге асыруға жол ашылады.

Мадина ТҰРСЫНБАЕВА,
аудандық қазынашылық басқармасының
бас маман-бас қазынашысы

Х А Б А Р Л А Н Д Ы Р У

«Ауыл» Кредиттік серіктестігі» ЖШС құрылтайшылардың кезекті жалпы жиналысын **2023 жылы 3 наурыз күні сағат 10.00-де** мына мекен-жайда өткізу туралы хабарлайды: Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш кенті Т.Қыстаубаев көшесі №4 үй. («Ауыл» КС» ЖШС ғимаратында)

Күн тәртібі:

1. Серіктестіктің құрамының өзгеруіне байланысты несие лимитін бөлу, несие желісін ұлғайту, несие желісін қамтамасыз ету үшін серіктестіктің құрылтайшыларының жарғылық салымындағы қаржының 25% пайызын және серіктестіктің жылжымалы-жылжымайтын мүлкін несие желісі бойынша кепілге қою, соттан тыс сатуға келісім беру туралы.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс пікірлеріңіз бар болса 10 күн ішінде жиналыс ашылғанға дейін серіктестікке ұсынуларыңызды, Құрылтайшылардың жалпы жиналысты өткізу тәртібі ҚР заңдарына сәйкес айқындалатындығын, Құрылтайшылардың жалпы жиналысын өткізу Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы», «Микроқаржылық қызмет туралы» «Кредиттік серіктестіктер туралы» Заңына, серіктестік Жарғысын басшылыққа алып өткізілетіндігін хабалаймыз, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

БСН: 010640000062

Сыр елінің азаматы

(Эссе)

Әр адам өзінің атқарған жұмысының нәтижесіне қарай ауыл азаматы, аудан азаматы, облыс азаматы деп айтылатын қағидат бар. Ал мен жазбамды осылай өрбіте отырып, Сыр елінің азаматы Тынышбек Дайрабай жайлы сыр шертпекпін. Ол үшін оқырман қауымды алдымен оның өмірбаянымен таныстырған дұрыс та шығар.

Дайрабай Тынышбек Майлыбайұлы 1943 жылы 13 ақпанда Қызылорда облысының Жалағаш ауданындағы Жаңаталап ауылында дүниеге келген. Белгілі зерттеуші, этнограф, ҚР Мәдениет қайраткері. 1969 жылы КазГУ-дың «Журналистика» факультетін бітіріп, 1969-1947 жылдары Қызылорда облысының Тереңөзек аудандық «Еңбек Ту» газетінде бөлім меңгерушісі қызметінде болды. 1974-1978 жылдары Алматы жоғары партия мектебінде, «Қараөзек» совхозының партком хатшысы, 1979-1994 жылдары аупартком бөлім меңгерушісі, ауатком төрағасының орынбасары, аудан әкімінің орынбасары, редактор қызметтерін атқарды. 1995 жылдан бастап халықаралық «Түркістан» газетінде қызмет істейді.

Т.Дайрабай «Тоғанас батыр», «Дүр Оңғар» (1992), «Қаңлы Жүсіп» (1994), «Қорқыт ата» (1999), «Кете шөмекей шежіресі» (1995), бірнеше автормен бірге «Тереңөзек тарихы» (1996) сынды басқа да кітаптарын шығарды. Ақын Дүр Оңғарды әдебиетке қайта әкеліп, тірілткен де Т.Дайрабай. Қызылорда облысының бірнеше ауданының Құрметті азаматы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Құрметті профессоры», Әлеуметтік ғылымдар академиясының «Құрметті академигі».

Зерттеуші өз ынтасымен 1999 жылы Санкт-Петербордан «Түркістан» альбомын алдырып, 2005 жылы кітап етіп оқырмандарға тарту етті. 2010 жылы «Сыр перзенттері» атты кітабы жарыққа шықты. Ұсынылып отырған «Жеті тараудағы – жеті анық» кітабы – арғы-бергі тарихпен қатар өз өмірі жан-жақты қамтылған шығарма.

Оның өмір жолы өнегеге толы. Көргені де көп, білетіні де аз емес. Достары көп, туыстары – халық, өзі – тұнып тұрған тарих. Мәселен, ол өзінің «Арыс» баспасынан 2008 жылы шыққан «Жалағаш жері – жыр кені» атты кітабында былай жазыпты:

Басқа өңірлерге қарағанда Сыр өңірі ежелгі жырларды өзіндік жырлауымен ерекшеленген. Сондықтан болар, Сыр ақын-жырлауларын Сыр сүлейлері деп жалпы ат беріп, айдар таққаны. Сүлейлер деп көне жыр, жырды немесе байырғы эпикалық жырлайтындарды айтқан. Сыр сүлейлерінің шығармашылығы хақында қинала да қынжыла жазған, 40-жылдам астам Ұлттық Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында ғылыми қызметкер болған марқұм Мардан Байділдаев ағамыз 1959 жылы «Ақындар творчествосы» атты кітабында: «Қазақ әдебиетінде бір олқы жатқан жер бар» деп айтуға тұрарлық жайт, ол «Сыр бойы ақындары» деп аталатын (кейде «Сыр сүлейлері» деп те аталады) Сыр өлкесіндегі елден шыққан революцияға дейінгі мол ақындар тобы (Тұрмағанбет, Шораяқтың Омары, Қарасақал Ерімбет, Кете, Қаңлы Жүсіп, Даңмұрын, т.б.) деп сол кездің өзінде Сыр сүлейлері мұраларын зерттеудің қажеттігіне баса назар аударған.

Зерттеуші, ғалым М.Байділдаевтан бұрын қазақ зиялылары Х.Досмұхамедов, Т.Жүргеновтер Сыр бойы ақындарын зерттеп, бірен-саран жинақтарға енгізсе, көрнекті ақын Мағжан Жұмабаев 1923 жылы Балқы Базар жөнінде арнайы мақала жазып, Ташкентте жариялатып, ақынның үлкен дарын екенін мойындай жазса, атақты ақын Қасым Аманжолов Сыр ақындары туралы:

«...Жағалай конған ел еді,
Ел іші өлең жыр еді.
Арманы елдің көп еді,
Өлеңі елдің Сыр еді» деп тебіренген.

Жалпы Сыр ақындарының ұстазы атанған Балқы Базардан бастап бүгінгі XXI ғасырға жалғасқан ақындық-жыршылық дәстүр бір сәт те толастап, үзілген емес. Әр кезеңде омыраулы ақындар алтын көпір ретінде жалғастырушы болған. Атақты дауылпаз ақын Ашамайлы Керейт Нысанбай жырау Жаманқұлұлы мен Сарыбай Әзілкеш Шымырұлымен жалғасса, Әзілкештен Қосназар, Жарылқасын, Оңалбай, Орынбайлар үйренсе, кешегі көзіміз көріп, жырын тыңдаған атақты Әзілкештің немересі ақын, жазушы Әбдікәрім Оңалбаев, Шоңбай Жұбанұлы, Төлеубай Үркімбаевтар еңбек жырын, ел шежіресін жырлап, соғыс кезінде халықтың көңілін бір демдеп қанаттандырса, майдан даласында жауынгер ақындар Ілияс Нұркенов, Адис Ахетов, Асқар Кожахметов, т.б. туған елге, жерге деген сағынышын, майданда жеңіске жететінін жазып, жұртты жігерлендірді.

Сыр елі ақындары жайлы профессор Есмағамбет Ысмайлов «... Қызылорданың Қазалы, Қармакшы, Жалағаш, Тереңөзек, бергі шеті Шиелі, Жаңақорған аудандары ақындардың мол бір ұялы тобы болып келген. Әрідегі Шораяқтың Омарынан бастап, осы кездегі Қуаныш Баймағамбетовтерге дейінгі ақындар түйдегі, бәрі ақындық өнердің жақсы салтын жасаған, өлеңді әрі тапқыр, әрі өткір, әрі шапшаң айту әрбір ақынның творчествосының салтына айналған.

Дастан болса, оқиғасы қызықты, шағын жанр өлең болса, мағынасы, әсері көкейге қонымды етіп жазу осы ақындық, ортаның осы күнге дейінгі мықты бір дәстүрі» деп жазып, Сыр сүлейлерінің өнерін, мәнерін жете бағалаған. Ал Сыр сүлейлерінің алтын көпірі болған, әдеби мұраларды мол жинаған ақын Қуаныш Баймағамбетов өзінің «Сымбатты Сырдың сұлу сүлейлері» атты толғауында:

«Таубайдың Жүсібі өтті төмендегі,
Ерімбет Қарасақал, Шөмендегі
Сарыбай Әзілкеш пен Һәм Құлназар,
Шегебай, Бәйім, Сайын өрендері»
деген.

Ақындар Орынбай Қарынбаев, Тәуекел Боранбаевтар Кеңес өкіметін сынадың деп жазаланса, кейбірі дінді насихаттадың деп қудаланды. Жоғарыда айтқандарымыздан басқа Жарылқасын (Аяған) Сырманұлы, Темірбай Жәнібекұлы, Нұрмақан, Кеңесбай, Шәдікари, Молдағали акындар нағыз айтыс ақындары болды. Ал Әбділда Жүргенбаев әрі ақын, әрі жырау болса, Мырзағали Ақжолов, Ақдос Жолдасбайұлы, Байнияз Желдірбаев, Сәндібек Нақаевтар көбінесе қисса-дастандарды мәніне келтіре жырлайтын жырау-термешілер.

Жалағаш жері – ауызша жырлап айтатын ақындар өңірі ғана емес, жазба ақындардың мол шоғыры шыққан мекен, оның бастауында Сыр бойындағы (1940 жылдан бастап 1964 жыл аралығында) таланттылардың көзін ашқан үлкен дарын иесі Әбдікәрім Оңалбаев (1901-1964), оның жолын қуған Қомшабай Сүйеніш, Махмұтбай Әміреев, Темірші Сарыбаев, Зордан Салықбаев, Жақсылық Сарбалаев, Мәлік Аяпов, айтыскер ақын, сазгер қарындасым Елена Әбдіхалықова, ғалым әрі әнші, жырау Берік Жүсіповтер, тағы аты аталмай кеткен талант иелері қаншама дерсіз. Ал өшкенді жаңартып, өлгенді тірілтіп, ұмытылуға шақ қалған ақын шығармаларын жинастыруда Абыт Нүркенов, Дайрабай Бекбергенов, Сәндібек Нақаев, ғалымдар Мардан Байділдаев пен осы жолдардың авторының да аз-кем қосқан үлесі бар.

Ол табанды, тынымсыз еңбек етудің арқасында білімді, білікті, қажыр-қайраты мол, іскер ұйымдастырушы азамат екенін көрсете білді. Мәдениет қайраткері атанды. Үш ауданның Құрметті азаматы болды. «Сегіз қырлы, бір сырлының» өзі десекте қателеспейміз. Үлкен қаламгер, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Оның «Жеті тарау, жеті анық» атты кітабын драматург жазушы Сұлтанәлі Балғабаев былай деп жазыпты. Дайрабаев Тынышбек Майлыбайұлының шығармашылығынан біраз жылдардан бері хабарым бар. Әсіресе 2005 жылы жарық көрген «Сырдың сырлы сыры», 2010 жылғы «Сыр перзенттері» атты кітаптары көпшілік талғамынан шықты. Ал «Жеті тараудағы – жеті анық» атты шығармасы сол кітаптарының тақырыптық жалғасы іспеттес.

Тынышбек Дайрабай еліміз Тәуелсіздік алған жылдан бастап өнімді еңбек етуде. Оның шығармаларынан көркем бейне жасалмаса да, қазақ халқының тәуелсіз жолында күрескен батырлар мен билер, шешендер, көрнекті ақын-жыраулар мен ел-жұртқа дін ислам рухын сепкен ғұлама-ахундар мен ишан-мақсымдар жайлы айтылады. Оның жазғандары ауыз-әдеби мұралар мен мұрағат құжаттарына негізделіп, көптеген тарихи тұлғалардың, Марал ишан, Торғай би, Сандыбайдың Ердені, тағы басқаларды мұрағаттың сарғайған қағаздары арасынан тауып, оқырмандарға тарту етеді. Оның шығармасы нақтылығымен, айқындылығымен құнды деп есептеймін.

«Жеті тараудағы – жеті анықтың» бірінші тарауы бұдан 250-380 жыл бұрын өмір сүрген тұлғаларға арналса, екінші тарауына Тәкеңнің шығармашылығы және өзі туралы жазылған дүниелер енген.

III-V тарауларда Т.Дайрабайға арналған ақын-жазушылардың арнау өлеңдері, құттықтаулар, түрлі қоғамдық мемлекеттік ұйымдардың басшыларымен жазысқан хаттары, алынған жауаптардың басы қосылған. Осы бөлімнің бірінен қазақ қоғамына, кеңестік кезеңде қызмет атқарғандарға құрмет көрсету, ескерткіштер мен көше аттарын беру, олардың мерейтойларын өткізуге мұрындық болған тұстары да көрініс береді. Тіпті оның ең алғаш рет Қазақстан топырағына генерал Фон-Кауфманның «Түркістан» альбомын өз бастамасымен 1999 жылы алғанының өзі не тұрады, ал оны шығаруға қаншама күш жұмсалғанын жазысқан хаттардың өзі-ақ сөйлеп береді.

Кейінгі VI тарауға оның ел ауызынан жинаған кейбір ауыз-әдеби мұралары мен библиографиялық көрсеткіштері енген. Ал соңғы жетінші тарау Т.Дайрабайдың өзі көрген аға буын ағалары мен әкелері, замандастарының өмір жолдары туралы бүгінгі ұрпаққа таныстыру мақсатында «Осындай ауыл адамдары» деп ортаға салған.

Тәкеңнің «Жеті тараудағы – жеті анық» кітабында 1800-1870 жылдары аралығында өмір сүрген билер мен батырлардың, болыстардың жеке мөрлерінің үлгісі ұсынылып, Сыр еліне қатысты 1910-1912 жылдардағы сирек кездесетін карталарды кітапқа енгізуі көп нәрсені ұтып тұр.

Тынышбек Дайрабай жазған кітаптан Сыр еліне қатысты атақты билермен қатар би-болыстар мен Сыр елін басқарған кейбір сұлтандар жайлы құнды деректер ала аласыз. Тәкең жазған мақалаларды саралап қарасам, оның тұлғалары арасында Әлім, Шөмен, Кете (Байсары) ұрпақтарымен қатар Жаппас, Қоңырат, Арғын, Алаша, Найман, Қыпшақ, тағы басқа да рулардан шыққан билер бар. Демек, оның шығармашылық кредосы қазақ халқына қадірлі билерді оқырмандарға таныстыру болып табылады.

Тынышбек шығармашылығы қысқа да нақтылығымен құнды. Бүгінгінің талай ұрпақтары өз бабаларының арғы-бергі тарихын Т.Дайрабай кітабынан тауып жүр.

Замандас ағамыз, қаламгер Тынышбек Дайрабайдың бұл кітабына енген дүниелері негізінен халықаралық «Түркістан», республикалық «Ана тілі», «Ақиқат» журналында және басқа да басылымдарда жарияланған еңбектерінің топтамасы. Кітаптың аты айтып тұрғандай, «Жеті тараудағы – жеті анық» кітабынан Тынышбек Дайрабайдың шығармашылығымен қатар бар болмыс, бейнесін тануға болады.

Бүгінде азды-көпті бірге қызмет жасасқан адамдар қатары азайып барады. Асылы қарт адамға жылы сөз айтып, көуілін көтеріп қоюдың өзі абзал. Кейіпкеріме «Жүрегіңіздің сексен деп соғатын мезгіліне де жетіпсіз, сонда өзіңізді қарттардың айтулы белестерінің қайсысына жатқызасыз?» дегенімде:

– Шәке, сауалыңызға батыр Бауыржан Момышұлының осы жөніндегі айтқанын есіңізге салайын. Ол қарттарды шал, қария, ақсақал, абыз деп төртке бөлген екен. Отбасы, ошақ қасынан ұзап шыға алмайтындарды шал, өз әулетін уысында ұстайтын қартты қария деп, бір ауылдың сөзін сөйлейтін қартты ақсақал деп, бүкіл елдің қамқоршысы болған қартты абыз деген екен. Ендеше мені осылардың біреуіне өзіңіз қисаңыз деп өзімді сарапшы қылмасы бар-ма?! Ал мен «Осы айтқаныңызды көпшілік оқырман қауымға жеткізейін» дедім.

Шыңғыс АЙБОСЫНОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Жалағаш аудандық мәслихатының депутаттығына кандидат ретінде тіркеу туралы ХАБАР

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес 2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттарын сайлауда Жалағаш аудандық мәслихатының депутаттығына кандидат ретінде тіркелді:

№1 округтік сайлау комиссиясының 2023 жылғы 13 ақпандағы шешімімен:

1. Байкожаев Сакен Болатович – 2023 жылғы 31 қаңтарда өзін-өзі ұсынған,1973 жылы туған, қазақ, Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің әдістемелік кабинет, әдіскер, Жалағаш кентінде тұрады. «AMANAT» партиясының мүшесі.

2. Каналхан Ермұрат Ғаниұлы – 2023 жылғы 1 ақпанда өзін-өзі ұсынған,1993 жылы туған, қазақ, №202 З.Жарқынбаев атындағы орта мектеп, директордың орынбасары, Жалағаш кентінде тұрады. Партия мүшелігінде жоқ.

3. Курманбаева Гулзат Ердаулетовна – 2023 жылғы 1 ақпанда"AMANAT" партиясы» қоғамдық бірлестігінің Жалағаш аудандық филиалы ұсынған.1966 жылы туған, қазақ, жұмыссыз, Жалағаш кентінде тұрады. «AMANAT» партиясының мүшесі.

4. Садуакасов Бакытжан Бекетович – 2023 жылғы 6 ақпанда өзін-өзі ұсынған,1969 жылы туған, қазақ, жеке кәсіпкер, Жалағаш кентінде тұрады. Партия мүшелігінде жоқ.

№2 округтік сайлау комиссиясының 2023 жылғы 13 ақпандағы шешімімен:

1. Бакбергенов Нуржан Кожабаевич – 2023 жылғы 31 қаңтарда өзін-өзі ұсынған, 1969 жылы туған, қазақ, «Ақтерек сауықтыру лагерь», директор, Ақсу ауылында тұрады. «AMANAT» партиясының мүшесі.

2. Досымов Қайрат Алмасұлы – 2023 жылғы 1 ақпанда «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Жалағаш аудандық филиалы ұсынған. 1983 жылы туған, қазақ, жеке кәсіпкер, Жалағаш кентінде тұрады. «AMANAT» партиясының мүшесі.

3. Куракбаев Бозжан Тулеутаевич – 2023 жылғы 3 ақпанда өзін-өзі ұсынған,1968 жылы туған, қазақ, Ақсу ауылдық клубы, техник, Жалағаш кентінде тұрады. Партия мүшелігінде жоқ.

4. Мубарак Мақсат Сұлтанмұратұлы – 2023 жылғы 1 ақпанда өзін-өзі ұсынған, 1985 жылы туған, қазақ, аудандық кәсіпкерлік өнеркәсіп және туризм бөлімі, әдіскер, Жалағаш кентінде тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі.

№3 округтік сайлау комиссиясының 2023 жылғы 13 ақпандағы шешімімен:

1. Амандық Нұржан Раисұлы – 2023 жылғы 1 ақпанда өзін-өзі ұсынған, 1995 жылы туған, қазақ, Жалағаш аудандық жастар ресурстық орталығы, директор, Жалағаш кентінде тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі.

2. Мақсұтов Еркебұлан Мақсұтұлы – 2023 жылғы 1 ақпанда «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Жалағаш аудандық филиалы ұсынған. 1985 жылы туған, қазақ, «Жалағаш аудандық аурухана ШЖҚ» КММ, бас дәрігер, Қызылорда қаласында тұрады. «AMANAT» партиясының мүшесі.

3. Мендибаева Улмекен Абилтаевна – 2023 жылғы 31 қаңтарда өзін-өзі ұсынған, 1964 жылы туған, қазақ, «Жалағаш аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ, директор, Жалағаш кентінде тұрады. «AMANAT» партиясының мүшесі.

№4 округтік сайлау комиссиясының 2023 жылғы 13 ақпандағы шешімімен:

1. Боранбаев Ерлан Өміртайұлы – 2023 жылғы 1 ақпанда «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Жалағаш аудандық филиалы ұсынған.1985 жылы туған, қазақ, №33 орта мектеп, директор, Бұқарбай батыр ауылында тұрады. «AMANAT» партиясының мүшесі.

2. Искакова Бакыткул Жумабековна – 2023 жылғы 1 ақпанда өзін-өзі ұсынған, 1965 жылы туған, қазақ, КМКҚ «Арай бөбекжай-бақшасы», меңгеруші, Жалағаш кентінде тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі.

3. Кайранбаева Айжан Шитыбаевна – 2023 жылғы 31 қаңтарда өзін-өзі ұсынған, 1979 жылы туған, қазақ, КММ «№19 санаторлық бөбекжай-бақшасы», басшы, Жалағаш кентінде тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі.

№5 округтік сайлау комиссиясының 2023 жылғы 13 ақпандағы шешімімен:

1. Дузелбаева Салтанат Берикбаевна – 2023 жылғы 1 ақпанда өзін-өзі ұсынған, 1969 жылы туған, қазақ, КМКҚ «Ақмаржан бөбекжай бақшасы», меңгеруші, Жалағаш кентінде тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі.

2. Жақсыбаев Ерлан Еркінұлы – 2023 жылғы 31 қаңтарда өзін-өзі ұсынған, 1992 жылы туған, қазақ, Жалағаш аудандық халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және хал актілерін тіркеу бөлімінің халықты жұмыспен қамту орталығы, директордың орынбасары, Еңбек ауылында тұрады. Партия мүшелігінде жоқ.

3. Жанашев Сабит Еркинболович – 2023 жылғы 1 ақпанда «AMANAT» партиясы»қоғамдық бірлестігінің Жалағаш аудандық филиалы ұсынған. 1981 жылы туған, қазақ, «ШЖҚ Қызылорда газ тарату жүйесі, КМК Жалағаш газ шаруашылығы, директор, Жалағаш кентінде тұрады. «AMANAT» партиясының мүшесі.

№6 округтік сайлау комиссиясының 2023 жылғы 13 ақпандағы шешімімен:

1. Боранқұлов Абай Байпанұлы – 2023 жылғы 1 ақпанда өзін-өзі ұсынған, 1990 жылы туған, қазақ, «AB-AGRO ORDA» ЖШС, директор, Жалағаш кентінде тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі

2. Елеусінов Айдос Мырзабекұлы – 2023 жылғы 1 ақпанда өзін-өзі ұсынған, 1982 жылы туған, қазақ, «№116 орта мектебі» КММ, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Ақсу ауылында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі.

3. Мерекеев Жарасбек Ұлтанұлы – 2023 жылғы 2 ақпанда өзін-өзі ұсынған, 1982 жылы туған, қазақ, «Жалағаш» ОСҚ» Т/к,басқарма төрағасы, Ақсу ауылында тұрады. Партия мүшелігінде жоқ.

4. Ідірісов Рустам Болатбекұлы – 2023 жылғы 31 қаңтарда «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Жалағаш аудандық филиалы ұсынған. 1985 жылы туған, қазақ, Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің әдістемелік кабинет, әдіскер, Жалағаш кентінде тұрады. «AMANAT» партиясының мүшесі.

№7 округтік сайлау комиссиясының 2023 жылғы 13 ақпандағы шешімімен:

1. Байжанов Жантас Нағыметұлы – 2023 жылғы 31 қаңтарда өзін-өзі ұсынған, 1979 жылы туған, қазақ, Ә.Бердаулетов атындағы №34 орта мектеп, директордың орынбасары, Жалағаш кентінде тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі.

2. Елеусінов Өмірзақ Тұрымбетұлы – 2023 жылғы 1 ақпанда «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Жалағаш аудандық филиалы ұсынған.1963 жылы туған, қазақ, Жалағаш аудандық тұрғын үй коммуналдық, шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, басшы, Жалағаш кентінде тұрады. «AMANAT» партиясының мүшесі.

3. Наурызбаев Ерболат Сабырович – 2023 жылғы 1 ақпанда өзін-өзі ұсынған, 1980 жылы туған, қазақ, №114 ора мектеп, директордың орынбасары, Қаракеткен ауылында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі.

№8 округтік сайлау комиссиясының 2023 жылғы 13 ақпандағы шешімімен:

1. Құдабаев Даурен Қожабекұлы – 2023 жылғы 3 ақпанда Қызылорда облысы бойынша «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы өңірлік филиалы ұсынған,1985 жылы туған, қазақ, Таң ауылдық округі «Өтегенов» Ш/Қ, төраға, Таң ауылында тұрады, «Ауыл» партиясының мүшесі.

№9 округтік сайлау комиссиясының 2023 жылғы 13 ақпандағы шешімімен:

1.Молдашов Самурат Абилкасимович – 2023 жылғы 31 қаңтарда өзін-өзі ұсынған, 1981 жылы туған, қазақ, Әбдікәрім Оңалбаев атындағы №117 орта мектеп, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Мақпалкөл ауылында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі.

№10 округтік сайлау комиссиясының 2023 жылғы 13 ақпандағы шешімімен:

1. Абдреева Бахыт Токтасиновна – 2023 жылғы 1 ақпанда «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Жалағаш аудандық филиалы ұсынған. 1970 жылы туған, қазақ, № 32 мектеп-лицей, директор, Мәдениет ауылында тұрады. «AMANAT» партиясының мүшесі.

2. Асылбеков Аян Асылбекұлы – 2023 жылғы 31 қаңтарда өзін-өзі ұсынған, 1988 жылы туған, қазақ, Жалағаш ауданы, №4 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі, директор, Мәдениет ауылында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі.

3. Кыпшакбаев Нурлан Акдильдаевич – 2023 жылғы 7 ақпанда өзін-өзі ұсынған, 1975 жылы туған, қазақ, зейнеткер, Қызылорда қаласында тұрады. Партия мүшелігінде жоқ.

4. Шилдебаева Ляйла Алпысбаевна – 2023 жылғы 1 ақпанда өзін-өзі ұсынған, 1966 жылы туған, қазақ, «№122 орта мектеп» КММ, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Мырзабай ахун ауылында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі.

№11 округтік сайлау комиссиясының 2023 жылғы 13 ақпандағы шешімімен:

1. Айтжанова Гүлжайна Айтжанқызы – 2023 жылғы 1 ақпанда «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Жалағаш аудандық филиалы ұсынған.1978 жылы туған, қазақ, «Аққұм ауылдық клубы» КМҚ, кәсіпорын басшысы, Аққұм ауылында тұрады. «AMANAT» партиясының мүшесі.

2. Көшеров Абай Қырғызбайұлы – 2023 жылғы 31 қаңтарда өзін-өзі ұсынған, 1981 жылы туған, қазақ, Аққұм ауылдық окугі әкімі аппараты, бас маман, Аққұм ауылында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі.

3. Турганов Канат Жаксыбаевич – 2023 жылғы 1 ақпанда өзін-өзі ұсынған, 1973 жылы туған, қазақ, №203 орта мектебі, мұғалім, Жаңадария ауылында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі.

№12 округтік сайлау комиссиясының 2023 жылғы 13 ақпандағы шешімімен:

1. Бейсенбаев Руслан Асылбекұлы – 2023 жылғы 31 қаңтарда өзін-өзі ұсынған, 1990 жылы туған, қазақ, Жалағаш аудандық ауруханаға қарасты Еңбек дәрігерлік амбулатория, жалпы тәжірбиелі фельдшер, Еңбек ауылында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі.

2. Ержанов Галымжан Дастанович – 2023 жылғы 1 ақпанда өзін-өзі ұсынған, 1983 жылы туған, қазақ, Жалағаш ауданының мәдениет және спорт бөлімінің «Наркескен спорт клубы» КММ, директор, Жалағаш кентінде тұрады. Партия мүшелігінде жоқ.

3. Сыздықов Асқар Бұғыбайұлы – 2023 жылғы 1 ақпанда «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Жалағаш аудандық филиалы ұсынған, 1983 жылы туған, қазақ, №124 орта мектеп, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Аламесек ауылында тұрады. «AMANAT» партиясының мүшесі.

Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Жалағаш аудандық мәслихатының депутаттығына кандидат ретінде тіркеу туралы ХАБАР

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 104-бабына сәйкес 2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттарын сайлауда Жалағаш аудандық мәслихатының депутаттығына кандидат ретінде тіркелді:

№8 округтік сайлау комиссиясының 2023 жылғы 16 ақпандағы шешімімен:

1. Жұмабек Еділ Шынәліұлы – 2023 жылғы 31 қаңтарда "AMANAT" партиясы» қоғамдық бірлестігінің Жалағаш аудандық филиалы ұсынған, 1996 жылы туған, қазақ, «Arman com» ЖШС, директор, Бұқарбай батыр ауылында тұрады. «AMANAT» партиясының мүшесі.

2. Тұрсынбай Ғазизбек Қуанбекұлы – 2023 жылғы 1 ақпанда өзін-өзі ұсынған, 1995 жылы туған, қазақ, Таң ауылдық округі әкімі аппараты, салықшы,Таң ауылында тұрады. Партия мүшелігінде жоқ.

№9 округтік сайлау комиссиясының 2023 жылғы 16 ақпандағы шешімімен:

1. Ахатаев Роллан Ақарыстанұлы – 2023 жылғы 1 ақпанда өзін-өзі ұсынған, 1987 жылы туған, қазақ, №119 орта мектеп, мұғалім, Жаңаталап ауылында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі.

2. Ахетов Куат Адисович – 2023 жылғы 1 ақпанда «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Жалағаш аудандық филиалы ұсынған, 1978 жылы туған, қазақ, Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газеті редакциясы, тілші, Жалағаш кентінде тұрады. «AMANAT» партиясының мүшесі.

Жалағаш аудандық мәслихатының депутатын сайлау жөніндегі № 6 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша округтік сайлау комиссиясының ХАБАРЫ

Жалағаш аудандық мәслихатының депутаттығына кандидат ретінде тіркеу туралы шешімнің күшін жою туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 104, 105-баптарына сәйкес және кандидаттың өтініші негізінде округтік сайлау комиссиясының 2023 жылғы 14 ақпандағы шешімімен 2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттарын сайлауда Боранбаев Өркен Асарбекұлының №6 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихатының депутаттығына кандидат ретінде тіркеу туралы округтік сайлау комиссиясының 2023 жылғы 13 ақпандағы шешімінің күші жойылды.

Жалағаш аудандық мәслихатының депутатын сайлау жөніндегі № 2 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша округтік сайлау комиссиясының ХАБАРЫ

Жалағаш аудандық мәслихатының депутаттығына кандидат ретінде тіркеу туралы шешімнің күшін жою туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 104, 105-баптарына сәйкес және кандидаттың өтініші негізінде округтік сайлау комиссиясының 2023 жылғы 15 ақпандағы шешімімен 2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттарын сайлауда Серікұлы Нұрболдың №2 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихатының депутаттығына кандидат ретінде тіркеу туралы округтік сайлау комиссиясының 2023 жылғы 13 ақпандағы шешімінің күші жойылды.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы

Тағзым

Ерлік ел жадынан өшпейді

Қазақ даласында азаттық үшін талай көтеріліс, шапқыншылықтардың орын алғанына тарих куә. Ал сол нәубетті бастан кешіп, ұлтарақтай жерін, қасиетті топырағын жау табанына бастырмай, қорғап қалған ата-бабамыздың ерлігі бүгінгі ұрпаққа үлгі. Тіпті ата-бабамыз тек өз елінде ғана емес, жат елде де жау әскерімен арпалысқанын тарих беттерінен жақсы білеміз.

Кешегі ауған жеріне аттанып, жау оғына кеудесін тосқан жауынгерлердің ерлігі жыл сайын ұлықталып келеді. Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 34 жыл болғанымен, жаңа ұрпақ дүниеге келіп, ауған ардагерлерінің қатары сирегенімен, талай отбасын қара жамылдырған зұлматты жылдар ұрпақтарының жадында жаңғырып тұр. Апта ортасында Тағзым алаңына жиылған жұртшылық Ауған жерінде қаза тапқан боздақтардың рухына тағзым етіп, жүрек түкпіріндегі қиын бір кезеңді еске алды. Тағзым алаңына жиналған жалағаштықтар арнайы ескерткіш алдына гүл шоқтарын қойып, Ауған соғысында қаза тапқан азаматтарға құран бағыштап, жат елде қан төгіп, қыршын болған ауғандық жауынгерлерді 1 минут үнсіздікпен еске алды. Жиында аудан әкімі Асқарбек Есжанов бейбіт күн кімге болсын оңайлықпен келмегенін атап өтті.

– Ауған жеріне Жалағаш жерінен қанша азамат аттанды. Сол тұста азаматтық парызын мейлінше адал атқарған жауынгерлердің дені ажал құшты. Қанша азамат елге жаралы боп оралды. Өздерінің азаматтық арына, қазақ халқының абыройына қылаудай кір шалдырмады. Ауған соғысы жауынгерлерінің әскери жорық жолы да қазір тарихқа айналды, – деген аудан басшысы ерлік ешқашан ел жадынан өшпейтінін, Отан алдындағы борыш-міндетін адал атқарып, жанқиярлық ерлік көрсетіп, патриоттық парызын өтеп қайтқан аға буынға бүгінгі ұрпақ бас иетінін жеткізді.

Шара барысында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев, «Ауғанстан және аймақтық соғыс ардагерлер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мұрат Алдамбергеновтер Ауған соғысының тарихына тоқталып, бүгінгі бейбіт өмірде бірлікті ту етуге шақырды. «1979 жылы 27 желтоқсан күні Ауғанстан мемлекетіне басып кірген Түркістан әскери округының 40-шы армиясының түрлі әскери бөлімдері он жыл бойы бейбіт ауған халқына көмек көрсетіп, алпауыт шет елдері қаржыландыратын ауған моджахедтеріне қарсы соғыс қимылдарын жүргізді. Осылайша бір мемлекет ішіндегі азамат соғысы өңірлік соғысқа ұласып, халықаралық сипат алды» деген аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы содан бері зымырап 34 жыл өтсе де, от-жалын шарпыған жылдар кешегі бозбала, бүгінгі аға буынның көз алдында екенін де жасырмады.

Расымен, он жылға созылған осы бір қасіретті кезең заманында кімге болсын кесірін тигізді. «Бұйрық талқыланбайды, тек орындалады» деген қағида барын білеміз. Жауынгерлік міндетін атқаруға аттанған әрбір азамат өз әскери борышын адал атқаруға тиісті. Осы он жылдық кезеңде жау қолынан қаза тапқан, мүгедек болған, соғысқа қатысып тірі қайтқан әрбір жауынгердің алдында тек «әскери антымды мүлтіксіз орындаймын» деген мақсат болды. Сол мақсат көзсіз ерлікке жетеледі. Бүгін міне осы ерліктің ерен үлгісін көрсеткендерді еске алып, тағзым етудеміз. Өйткені ерлік ешқашан ел жадынан өшпек емес.

Айта кетейік, республикамыздан 22 мыңға жуық адам Ауған соғысына қатысты. Олардың 1000-ға жуығы соғыста құрбан болды және Қазақстан жерінде жерленді. Ал 20 адам із-түзсіз жоғалып, жалпы шығынның 362-сі қазақ ұлтының өкілі екендігі анықталды. Ауған соғысында із-түзсіз жоғалғандар мен тұтқынға түскендер саны 400-ден аса адамды құраса, олардың жиырмаға жуығы Қазақстан азаматы екені анықталған.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

Кездесу

Ауғанстан – жан жарасы

Ауған соғысы 1979 жылы басталып 10 жылға созылды. Айтуға оңай, сұрапыл зобалаң, қаншама тағдырды жалмады. Цифрлы деректерге сүйенсек, Ауған жерінде сол кезеңде КСРО-ның 620 мыңға жуық, соның ішінде қазақстандық 22 мың адам әскери қызметтерін өтеді. 15 526 адам, соның ішінде – 925 қазақстандық алған жарақаттары мен ауруларынан қайтыс болды. Қаншама қазақстандық хабар-ошарсыз жоғалды және тұтқынға түсті.

Айта кетейік, Ауғанстан соғысы Кеңес Одағына ешбір ар-абырой, даңқ әкелген жоқ. Құрбан болғандардың туыстары мен жақындары үшін бұл қасіретті соғыс 1989 жылы ақпандағы әскерлердің шығарылуымен де аяқталған жоқ. Ол тіпті уақыттың өзі де емдеуге дәрменсіз қансыраған жара болып қалып отыр. Осы қантөгісті оқиғаның тәжірибесі әр мемлекет пен халық өздерінің ішкі істерін өз халықтарының пайдасы мен игіліктері үшін дербес түрде шешуге үндеген қайталанбас сабақ болды. Шайқас шебінде соғысты тұтандырушылар емес, майдандағы жауынгерлер қаза болды.

Жалағаш аудандық жастар ресурстық орталығы мен аудандық кітапхананың ұйымдастыруымен Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 34 жыл толуына орай «Ауғанстан – жан жарасы» тақырыбында Ауған соғысына қатысқан ардагерлердің және «Жалағаштан Ауғанстанға дейін» атты кітаптың авторы Тұрақ Адисұлының аудан жастарымен, жас оқырмандарымен кездесуі өткізілді.

Шара барысында кітап авторы Тұрақ Адисұлы сұрапыл соғысқа қатысып, ерлік көрсеткен ардагерлеріміздің жауынгерлік іс-қимылын тілге тиек етіп, өскелең ұрпаққа патриоттық тұрғыдан сарқылмас өнеге екендігін атап өтті. Кітапта жалағаштық жауынгерлердің ұрыс қимылдары шынайы суреттелген. Автордың қанды жорық оқиғасын шебер суреттегені сондай кітаптан көптеген тың мағлұмат алуға болады. Осынау әсерлі кездесуде кітап авторы өзінің төл туындысын оқырмандар клубының мүшесіне сыйға тартты. Сондай-ақ жиын барысында аудандық кітапхана директоры Ұлмекен Меңдібаева Отан алдындағы азаматтық борышына адал болған Ауған соғысы ардагерлеріне қандай құрмет көрсетілсе де жарасатынын айтып, ардагерлерге естелік сыйлықтар табыстады.

Ардагерлеріміз өткен жылдардан естеліктер айтып, оқушылар сұрағына жауап беріп ғана қоймай, қазіргі жастарға бейбіт өмірді сақтауға, түрлі арандатушылыққа бой алдырмауға, Отанды қорғауға дайын болуға шақырып, елімізге тыныштық, әлемге бейбітшілік тіледі.

Аталған шараның мақсаты – Ауғанстан соғысы туралы шындықты жеткізу, жауынгерлер мен жастардың жарқын ұрпағын Ауғанстанда шайқасқан солдаттар мен офицерлердің патриоттық үлгісінде тәрбиелеу, сондай-ақ, соғыс саяси проблемаларды шешудің тәсілі емес екендігі туралы ұғым қалыптастыруымен құнды.

Кездесу соңында құрметке бөленген ардагерлер ұйымдастырушыларға алғыстарын білдіріп, естелік суретке түсті.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

Турнир тартысты өтті

Биыл Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 34 жыл. Он жылға жуық уақытқа созылған кескілескен қанмайданға жерлестеріміз де аттанып, сұм соғыстың зардабын тартқаны белгілі. Жат елде майдан шебінде ерлік көрсеткен жауынгерлердің жүректеріндегі Отанға деген шексіз сүйіспеншіліктің, азаматтық намыстың біте қайнасып, көзсіз ерлікке барғандарын тарих беттерінен жақсы білеміз. Бүгінде жауға қасқайып қарсы тұрып, абыроймен азаматтық борышын өтеген, ауған соғысын көзбен көрген ардагерлер де сиреп барады. Олардың қатары жыл сайын сиресе де, есімдері халық жадында мәңгі сақталмақ. Жыл сайын ұрпақтары еске алып, ел болып есімдерін құрметтеуде.

Сәрсенбіде Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 34 жыл толуына орай білім ұйымдарының қызметкерлері және жастар арасында шағын футболдан жарыс ұйымдастырылды. Жастарды патриоттық сезімге, ұлттық мәдениетке тәрбиелеу, аудан жастары арасында спортпен тұрақты шұғылдануды насихаттау, жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, тұрғындарды салауатты өмір салтын ұстануға шақыруды мақсат еткен спорттық шарада 21 команда бақ сынады. Турнирдің ашылу салтанатында аудан әкімі Асқарбек Темірбекұлы ауған соғысының тарихына шолу жасап, тартысқа түскелі тұрған командаларға сәттілік тіледі.

Нақ үздікті анықтайтын спорттық жарыста командалар есе жібергісі келмей керемет ойынның үлгісін көрсете білді. Бірақ сайыстың аты сайыс, бірі жеңісті бағындырса, енді бірі жеңіліс табады. Аталған шағын футболдан өткен турнирдің нәтижесімен жүлделі I орынға «Наркескен» спорт клубы лайық деп танылса, II орынға аудандық білім бөлімі қызметкерлерінен құралған команда жайғасты. Ал жүлделі III орынды Қаракеткен ауылдық командасы иеленіп, үздік үштікті түйіндеді.

Нұр НАУАН

Білгенге маржан

Бүгінде жастарымыздың көбі мал союды білмейді. Білген күннің өзінде көпшілігі мал етін мүшелеп бұзуды біле бермейді. Қазақтың кәделі асының табаққа қалай салынатынын біле жүрсін деген ниетпен мал етінің кейбір мүшелеріне қатысты атауларды ұсынып отырмыз. Бас – ірі қарада екі шеке деп аталады. Жақ – ұсақ малда тілмен тұтас жүреді. Ірі малда жақ екіге айырылып, тілі бөлек мүше саналады. Жақ ет, ұрт ет – ірі қарада бөлек алынып, қазанға бөлек түседі.

Ет жіліктеуге де ептілік керек

Мойын, алты буын – қонаққа, сыйлы адамдарға арналған мүшелі табаққа салынбайды. Мойын ет – ірі қарада, кейде ұсақ малдың да мойын еті бөлек алынады, онан көбінде қуырдақ жасайды. Бұғана – екі жақта 3 талдан 6 тал болады, мүше орнына саналады. Қара қабырға – 6 тал болады, мүшемен бірге табаққа түседі. Сүбе қабырға – 6 тал, етегімен қосып алынады, таңдаулы мүшелер қатарына жатады. Қазы – семіз жылқыдан 20 қазыға дейін айналдырылады, оның кейбіреуі қабырғасыз тілініп, басқа малдың ішегіне айналдырылады. Телше қазы – жылқының сүбесі. Телшені кей жерде мүрлемей жас күйінде асады. Төс – күйеулер мен келіндерге арналған сыбаға. Жас адамдарға беруге де болады. Қазақ салтында жылқы төсі мен ешкі төсі «жаман күйеуге» беріледі деп есептеледі, кей жерде ірі малдың шершеуі де төске баланады. Төс ет – жылқы, сиырда осылай аталады. Кесек еттердің таңдаулысы, қуырдақ қуырылады, сүрленеді. Төстік – ұсақ малда осылай аталады, терісімен істікке шаншып қақтап жейді. Дала аушылығында, жол азыққа төстік көп пайдаланылады.

Төсқалдақ – қой мен ешкінің, әсіресе ешкінің төстігін кей жерлерде төсқалдақ деп атайды. Төс етек – мал төсінің етек жағындағы кесек ет. Көбінде қуырдаққа қуырылады. Кеңірдек – соғым сойған кісінің мойын ет жіберіп алған «қол үздігін» осылай атайды. Ауыз омыртқа – соғым сойған күні табаққа міндетті түрде түсетін мүше, сыйлы қонақтың табағына салуға болмайды. Кәрі жілік – әр малда екіден болады, жілік мүшесіне кіреді, кей жерде тіпті «кәделі жілік» есептелінеді. Кәрі жіліктің ойынды еті – екі бөлек болады, оны кәрі жіліктің айдар еті деп те атайды. Ортан жілік – екеу болады. Мүшелі жілікке жатады. Ортан жіліктің ойынды еті – екі бөлек болады,Оны тобық еті деп те атайды жұмсақ ет. Жауырын – жіліктердің төмен дәрежелісі, көбінде әйел қонаққа тартылады Жауырынның сұрпы еті – екі бөлек кесек ет. Асықты жілік – екеу болады. Жамбастан кейінгі таңдаулы мүшеге жатады, сыйлы жастарға, қыз-күйеуге (төспен бірге) тартылады. Асықты жіліктің айдар еті – екі бөлек болады. Ұсақ малда бірге, ірі қарада бөлек болады. Тоқбас жілік – қолда болатын, еті молырақ екі жілік.

Тоқбас жіліктің ойынды еті – екі бөлек болады. Жамбас – екеу болады. Ірі малдың жамбасын үшке не төртке бөліп асады, (шұқыршақ "ұршық басы" әйелге тартылады) ұсақ малдың жамбасы тұтас асылады. Қай-қайсысы да таңдаулы мүшеге жатады. Жая – ірі малда осылай аталады. Жылқыда жал-жая қадірлі асқа жатады, сүрленеді. Жаяның еті – ірі қараның жая етін 4-5 бөлікке бөліп асуға, сүрлеуге болады. Белдеме – қой-ешкіде осылай аталады. Белдемше, мықын, ұша дейтіндер де бар. Таңдаулы мүшеге жатады. Жалпақ омыртқа – ірі қараның белдемесі. Таңдаулы мүшеге жатады, сүрлеуге болады. Бөлекей омыртқа – қол омыртқа деушілер де бар. Кіші дәрежелі омыртқаға жатады. Ұзын омыртқа – 6 болады, мұны кей жерде ұша дейді. Жалпақ омыртқаға тең таңдаулы мүше, сүрленеді. Арқа омыртқа – бұл мүше қой-ешкіде алтыдан болады. Еті өте жұмсақ. Мұны көбінде мипалауға турайды.

Ұлттық тағамымыздың бесбармақпен жейтін осындай кәделі жерлерін біліп, оны әр табаққа арнап салудың мәнін кейінгі ұрпақ жастар аса назар аударып жүргені дұрыс. Әйтпесе ұлтымыздың ұлы дәстүрінен бейғам жүргеніміз әсіресе ер азаматқа үлкен сын болып саналады. Сондықтан бұл мағлұмат кімге болсын пайдалы екенін біліп, зердеге салып отырмыз.

«ЖЖ» ақпарат

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның (сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3097 Тапсырыс № 281

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru
Кезекші редактор: Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ